

ӘӨК 338: 633. 63 (580)

Жамал Алибековна Байкенжеева¹, Макен Укенович Кожембаев²

- 1) Старший преподаватель
- 2) Магистр финансов

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЕСЕП ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Annotation: In conformity to market economy formation of economic activities and its factors changes. Now the big role plays questions of maintenance of the people the foodstuffs. At present in our country the great attention is given on an agrarian reform and measures on improvement an industrial complex are offered.

Keywords: agriculture, company, business, government, agricultural sector

Нарықтық қатынастардың даму жағдайына сәйкес шаруашылықты ұйымдастыру жағдайы мен есепке алу факторлары да өзгереді. Қазіргі кезде халықты азық түлікпен қамтамасыз ету туралы сұрақтардың маңызы зор.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда елімізде ауыл шаруашылығында қалыптасқан жағдайдан шығу, аграрлық реформаны мақсатты және тиімді жүргізу жолдарын анықтауға үлкен көңіл бөлінуде.

Нарықтық қатынастардың жүзеге асырылуы өз кезегінде бүкіл өндірістік аяны және өндіру мен тұтыну аясын қамтитын барлық қайта өндіру үрдісін дамытады.

Тауар - ақша қатынастардың жағдайына тек қана ауыл шаруашылығы салаларының даму жағдайы ғана тәуелді емес, оған сонымен қатар салалық және салааралық байланыстар мен еңбек мотивациясы да байланысты болады.

Тауарлы өндірістің және айналыстың қалыптасуының негізгі шартына қоғамдық еңбек бөлінісі жататындығы белгілі.

Қазіргі кезде аграрлық секторда дағдарысты сыртқы және ішкі инвестиция тартымдылығын талап ететін тұрақсыз саяси жағдайдың

қалыптасу жағдайында аграрлық реформа әдістері мен стратегиясын өзгерту- негізгі маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақыттағы ауыл шаруашылығында әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеруі меншіктің және шаруашылық жүргізудің әртүрлі формаларының қалыптасуына көп укладты экономиканың жүзеге асуының маңызы зор.

Аграрлық экономиканың қалыптасуы ауыл шаруашылық - экономикалық құрылымындағы меншік түрі мен шаруашылық жүргізудің әртүрлі түріне негізделген.

Сонымен қатар меншік нысандары мен шаруашылық түрлерінің түсінігі әртүрлі. Бірақ, көп жағдайда меншік пен шаруашылық түсініктері қатар айтылғанымен, олардың мәндері мен мазмұндары бір-бірінен ерекше.

Шаруашылықтың әртүрінің пайда болуы белгілі бір шаруашылық бірлестікті құрайтын меншік қатынастарының белгілі бір түрін анықтайды деп Е.Х. Румак атап өткен.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ішінде тек колхоздар ғана ұжымдық шаруашылық ретінде қалыптасқаны бәрімізге белгілі.

Бірақ негізінен олар ұжымдық шаруашылық ретінде қызмет атқарған жоқ; жүзеге асырылу барысында оларда өндірісті ұйымдастыруда, бөлуде және тауарды иеленуде ешқандай тәелсіздік болмағандықтан, мемлекеттіктерден айтарлықтай айырмашылығы болмады.

Колхоздарды мемлекеттендіруде, заңды негіз ретінде колхоздардың бөлістірілмейтіні туралы жалпы ережесі қолданылғандықтан, олар мемлекеттік меншік нысанында қалыптасты. Осыған орай, ауыл шаруашылығында тек қана мемлекеттік басқару жүзеге асып, көп уақыт укладты экономиканы қалыптастыру, құру үшін кәсіпорындарды мемлекеттік меншігінен алу, яғни жекешелендіру үрдісін жүргізу қажеттілігі туындады.

Қазіргі аграрлық реформа - бұл нарық жағдайында экономикалық заңдылықтардың талаптарының негізінде қалыптасатын, аграрлық сектордың басқа салаларымен, мемлекетпен әлеуметтік - экономикалық қатынастарын сипаттайтын негізі тереңнен орын алатын революциялық қайта құру үрдісі.

Қорытындылайтын болсақ жекешелендіру - бұл мемлекеттің өзінің өндірісі тікелей шаруашылықты басқару қызметінен ажыратылуы. Осыған орай жүзеге асырылып отырған негізгі заңдылықтармен және қаржылық- несиелік әдістермен реттелетін экономикалық орта қалыптасады.

Әр түрлі меншік нысаны мен әртүлі шаруашылық жүйесіндегі шаруашылықтардың белсенділігі мен кәсіпорындардың бәсекелестік жағдайында қалыптасады. Осы жағдайда мемлекеттің басқару функциясы мен ауыл шаруашылық кешенін шаруашылықты басқару функциясы нақты айқындалады.

Аграрлық секторда өркениетті нарық пен оның инфрақұрылымын қалыптастыру, оның негізгі буыны - ауыл шаруашылық кәсіпорындарында түбегейлі өзгерісті қажет етеді.

Бүгінгі таңда жеке, жалдық, үлестік, жауапкершілігі шектелген әр түрлі қоғамдардың қалыптасуы белсенді түрде жүзеге асуда. Негізгі буынды реформалаудағы ерекшеліктерге:

шағын бизнес пен кәсіпкерлікке қолдау көрсету; ауыл шаруашылық шикізатары мен өнімдерін өндіретін шағын және орта кәсіпорындар жүйесін құру, ауыл шаруашылық өндірісінде құрылымдық қайта құруды жеделдете алатын - фермерлік және шаруа қожалықтары жүйесін қалыптастыру жатады.

Аграрлық секторда қалыптасып отырған қатынастардың ерекшелігін анықтайтын негізгі факторға мыналар жатады: өндіріс құралына меншік; шаруашылық жүргізуші нысаны; өндірісті басқару және бөлістіру құрылымы. Аталған факторлар өзара байланысты, бірақ негізгілеріне өндіріс құралына меншік, жерге меншік болып табылады.

Себебі бұл фактор кез келген шаруашылықтың нысанын анықтайды. ҚР-ның аграрлық секторында меншік қатынастарының қалыптасуы бірнеше заң актілерінің қабылдануына негіз болды.: (меншік туралы, жер туралы, жалға алу туралы, шаруа қожалығы туралы, кәсіпкерлік және кәсіпкерлік қызмет туралы., мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заңдар).

Бұл заңдар тек қана жаңа нарықтық құрылымының қалыптасуын заңдылықты және экономикалық негізі ғана емес ҚР – да ауыл шаруашылығының барлық жүйесіндегі кәсіпорындар мен шаруашылықтардың әр түрлі нысандарын құруда қолданылады.

Өкінішке орай, жоғарыда келтірілген заңды құжаттардың кері әсер ететін тұстары да бар.

Айталық, аграрлық реформаны жүргізудің жолдары еліміздің барлық аймақтарында бірыңғай болып, әр аймақтың өзіне тән жергілікті шарттары мен аграрлық құрылымдардағы жинақталған тәжірибелер мен әдістер есепке алынбайды. Кейбір ауыл шаруашылық ұйымдарында еңбек ұжымының шешімі заңсыз болып есептеледі.

Себебі шешім қабылдауға қажетті дауыс саны болмаған. Осыған сай, қайта ұйымдастыру ішкі шаруашылық қатынастардың өзгерісінсіз, жана құрылымдардың құрылуы мен аяқталды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде басқару жүйесінің кері ерекшеліктеріне ауыл шаруашылығында материалдық ресурстарды жетізудің, өнімді сату көлемінің, сатылу бағасының деңгейінің табыстарды бөлу тәртібінің орталықтан қатаң бақылануын айтуға болады.

Бұл өз кезегінде ел экономикасындағы салалардың баламасыз айырбасына әкеліп соқтырады.

Академик М.И. Синкалов пен А.В. Поташовтың мәліметтері бойынша (124,79 бет) ауыл шаруашылығының ұлттық табыстағы үлесін дұрыс бағалау жүйелілік сипатта орын алады.

Әкімшілдік- өміршілдік жүйе жылдарындағы салааралық баламасыз байланыстың болуы ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз болды, ауыл кедейлене бастады. Ауыл шаруашылығынан басқа салалар арасындағы пайданың теңсіз бөлістірілуі оның дамуын тежеді.

Осы уақытта өндірістің өнеркәсіп құралдарына, құрылыс материалдарына баға өсіп, ауыл шаруашылығы ұйымдарына оларды сатып алу қиынға түсті.

Сонымен қатар, сол кезеңде қалыптасқан тұрақсыз сатып алу бағасының тетігі арқылы салалар арасында пайда бөлістіріліп қана қоймай, өнімді өндірушілер арасында да баға өзгерісіне сәйкес пайданы қайта бөлістіру жүргізіліп отыр.

Ауыл шаруашылығына кері құбылыс қалыптасты, яғни бір аймақтағы шаруашылық өнімдеріне әр түрлі сатып алу бағасы белгіленді және де ол рентабельділігі төмен зиян шегіп отырған шаруашылықтар үшін бұл тұрақсыз

бұрын белгіленбеген бағалар өте жоғары болды.

Мемлекеттің мұндай саясатты ауыл шаруашылығын дағдарысқа әкеліп, кедейлендірді. Өндірушілердің өнім өндірі мен оны өткізуден алынған пайданы пайдалыну мен бөлуде тәуелсіздігі мен еркіндігі болмайтын шаруашылық жүргізудің шексіз, тиімсіз, қатаң тетіктері ауыл халық шаруашылығының негізі тиімсіз салаларының біріне айналдырды. Осыған орай, ауыл шаруашылығында қалыптасқан кемшіліктерді жою республика алдындағы басты қажеттілік болып табылады.

Өміршілдік- әкімшілдік кезеңнен нарық жүйесіне алу кезінде ауыл шаруашылығын аграрлық реформа жүргізілді. Оның негізгі құрамдас бөліктерінде меншік қатынастарын одан әрі дамыту, көп уладты экономиканы қалыптастыру, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мемлекеттік мемлекеттік емес қолдау көрсету [1].

Бірақ жүргізіліп отырған аграрлық реформада бөлістіру қатынастарына көшудің барлық элементтері реттелмеген. Қазіргі уақытта азық - түлік өнімдерін өндіретін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері әлі күнге дейін бұрынғысынша экономикалық тиімсіз жағдайда қызмет ету ауыл шаруашылығы өнімдерін басқа салалардың тауарларына тұрақты баламасыз алмастыру сипатында.

Осы кезеңде соңғы тұтынушы тауарды жоғары бағамен сатып алғанымен, қосымша құнға қосылатын қосалқы қаражаттарын емес, тікелей тауарды өндіруші емес, ортадағы делдалдар иеленеді.

Мұндай жағдай ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өнімдерінің бағасының тепе – теңдігін қалыптастыру тетігінің жоқтығын және де ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен өнімді өңдеуші кәсіпорындардың және ауыл шаруашылығы өнім тұтынушы арасындағы

экономикалық өзара байланыстың реттелмегенін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығында нарықтық қатынасқа көшу жағдайында колхоз, совхоздардан бөлек шаруашылықтардың жаңа нысандары пайда болды және акционерлік қоғамдар және әр түрлі типтегі серіктестіктер шаруашылық жүргізудің негізгі нысаны болып табылады.

Ауылды мекендерде шаруашылық жүргізудің негізгі нысандары – шаруа қожалықтары және ЖШС қалыптасты.

Экономиканың аграрлық секторындағы шаруашылық жүргізудің типі шаруа қожалық (фермерлік) шаруашылық мәселесінің қалыптасуы мен қатнастарын реформалауда орталықтандырылған және талқылау жүргізуді қажет ететін негізгі мәселелердің бірі.

Бұл мәселе бойынша ғалымдар кері көзқарасты ұстанады. Олардың тұжырымдауынша, тек жеке шаруашылығы аграрлық еңбектің өнімділігін жоғарлатады, себебі жеке меншік шығындар мен еңбек нәтижелері арасында тікелей байланысты орнатады.

Басқа авторлар шаруа қожалығының қалыптасуына қарсы, олардың ойынша тарихи тұрғыда қалыптасқан ауылшаруашылық еңбегінің әлеуметтік – экономикалық нысанының орнына қол еңбекке негізделген жеке шаруа қожалығының қалыптасуы қоғамның дамуына кері әсер етеді.

Аталып өткен екі көзқарастан басқа, экономикалық әдебиеттерде экономиканың аграрлық секторында өндірістік қатнастарды қалыптастыру үрдісінде шаруа қожалығының орны мен рөлі туралы сұрақтарға белгілі бір үшінші көзқарас қалыптасқан.

Бұл көзқарастың авторлары бастапқы капиталды жинау жағдайында ұсақ шаруа қожалықтары өтпелі экономикада әлеуметтік-

экономикалық тұлға ретінде жүзеге асуға құқығы бар деп есептелінеді. Бірақ, мұндай тұлғалар мемлекеттің экономикалық саясатын жүзеге асыру барысында көп уақытты, экономиканың үлесін анықтаушы ретінде қалыптасауы қажет.

Біз келтірілген көзқарастарды қарастыра келіп, тауар өндірушілердің ұйымдық – құқықтық нысандары шағын, орта және ірі болса да тиімді болады деген тұжырымға келеміз. Олардың арасындағы ара қатнас пен байланыстар шаруа қожалықтарының еркін даму үрдісі жағдайында, ҚР-ң ресурсты потенциалын тиімді пайдалануға бағытталған, мемлекет тарапынан экономиканы реттеу жағдайында қалыптасып, жүзеге асуы тиіс.

Мемлекеттің экономикасын басқару мен шаруашылық жүргізу тетіктері кез-келген өндірушілердің тиімді жұмысына сәйкес келуі қажет. Тиімді шаруашылықтың қалыптасуы мен оны экономикалық сауаттылықпен жүзеге асыру кез-келген өндірушінің жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін және кәсіпкерлік қызметтің нәтижесі үшін де қажет.

Шаруашылық жүргізу мен меншіктің әр түрлі нысандарының қалыптасуы адамдардың кәсіпкерлік қызметінің дамуына бағытталған. Кәсіпкерлік өндірісте көп көлемде өнім өндіруде еңбек мотивациясының артуына және нақты тауар өндірушілердің іскерлік қасиеттері мен белсенділіктерінің негізінде жоғары пайдаға ие болуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығында тиімді кәсіпкерлік нысанның дамуы, өнім өндірудің одан әрі өсуіне жағдай жасайды. Ауыл шаруашылығында адамдар арасындағы кәсіпкерлік қызмет экономиканың басқа салаларына қарағанда баяу дамиды, бұл бірінші кезекте шаруашылық салаларының өзіне тән ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Басқа салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылығында материалдық өндіріс климаттық және табиғи факторларға байланысты болып табылады. Бұл саладағы өндірістік қызметтері биологиялық табиғатпен және оған тән айрықша даму заңдылықтарымен байланысты.

Ауыл шаруашылығында негізгі ерекшелікке өндірістік қызметте жерді пайдалану жатады. Жер бір уақытта еңбек заты және еңбек құралы бола отырып, өндіріс нәтижесіне құнарлылығы, өнім беруі және орналасуы арқылы әсер етеді.

Ауыл шаруашылығының өндірісінде маусымдық ерекше сипатқа ие. Мұнда негізгі жұмыстар көктемде, жазда жүргізіледі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылық жұмысының басталуы мен нақты нәтижеге жету арасында ұзақ уақыт орын алады.

Бұл ерекшеліктер аграрлық өндірісте барлық тарихи даму жағдайларда өзгермейді және олардың тығыз байланысы аграрлық кәсіпкерліктің сипатын береді. Сонымен қатар, саланың экономикалық жағдайы үлкен әсер етуші фактор болып табылады.

Кәсіпкерлікті адамдар пайда табу мақсатында ұйымдастыратын өндірістік қызмет. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік экономиканың басқа салалары сияқты тәуекелділікке, белгісіздікке және жаңалық ендіруге тән. Ауыл шаруашылығындағы белгісіздік жағдай айқын түрде байқалып, өндірісте дайын өнім алуда және оны өткізу мерзімінде орын алады.

Аграрлық кәсіпкерліктегі жаңалықтарды ендіру біріншіден өнім сапасын жоғарлатуға және оны арзандатуға бағытталған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші өзінің шаруашылық қызметін жүргізуде өнімдердің шектеулілігімен және олардың уақытқа сай өзгерісімен байланысты.

Аграрлық қызметтің ерекшелігі ауыл шаруашылық кәсіпкерлігінің тұлғасына белгілі бір талаптар қояды. Белгілі бір білімсіз, еңбек сүймейтін, шарушылыққа деген ынтасы жоқ шаруа жақсы кәсіпкер бола алмайды. Әрбір шаруашылық иесінің немесе кәсіпкердің жеке қасиеттері олардың шаруашылық қызметінің нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Олардың іскерлігін, тапқырлығын шаруашылық игеретін ресурстардың бірі ретінде есептеуге болады. Нарықтық жағдайда кіріс алуға бағытталу бұл кәсіпкерлік қызметтің еркі. Яғни, кәсіпорынның тиімділікке жететін көрсеткіші болып табылады.

Аграрлық кәсіпкерліктің негізгі ерекшелігіне жоғары пайда алуға бағытталу емес, тәуекелділікті төмендетуге, яғни жыл сайын тұрақты түрде белгілі бір көлемде пайда алуға және ол пайданың ұдайы өндірісте жүргізуге мүмкіндік беруі жатады.

Кәсіпкерлік қызметке сонымен қатар, істің потенциалдық пайдалылығын бағалай алу және ресурстарды тиімді қолдану қабілеттілігі тән.

Ауыл шаруашылығы кәсіпкерліктің келтірілген себептері қазіргі кездегі субсидия, жеңілдетілген несие жүйесі басқа салық жүйесін қолдану және жеңілдетілген тарифті бекіту тұрғысындағы мемлекеттік қолдауды көрсетуді қажет етеді. Бірақ, бұл қолдау көрсету шаруашылық нысаны белгілі бір нысанына бағытталуы керек.

Мемлекет тек тауарлы өнім беретін және халықты азық-түлік өнімімен қамтамасыз ететін нысандарға қолдау көрсету керек. Шаруа қожалықтарын жіктеудің негізінен кейбір экономистер өндіріс құралына меншік нысанын жатқызатын болса, ал екіншілері құнарлы жердің көлемін, үшіншілері шаруа қожалықтарының барлық құқықтық ерекшеліктерін ескеруді ұсынады.

Сонымен қатар, экономикалық әдебиеттермен шаруа қожалықтарының басымды модельдерін дайындау және олардың өндірістік типтер бойынша жіктеу мәселесі кең түрде талқылануда.

Өндірістік типтегі шаруа қожалықтары – бұл басқа шаруашылық тобымен бірге жалпы табиғи жағдайға ие, ұқсас өндірістік құрылымы өндірістік технологиясы, сонымен қатар басқа да типтік сипаты бар ауыл шаруашылық кәсіпорыны болып табылады.

Бірнеше экономистер шаруашылықтың өндірістік типінің қалыптасуын әдістемелік негізін, саланың еңбек сыйымдылық мәдениеті мен мал шаруашылығы өнім өндірісінің сәйкес келуін еңбек және материалдық шығындар бойынша жалпы талаптар мен шаруашылық қағидаларын дайындаумен айналысуда [2].

Шаруашылықты осындай типке бөлу өндіріс құрылымын айқындауға шаруашылық жүргізудің тиімді жүйесін таңдап алуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығының бірде бір кәсіпорын, жеке шаруа қожалығының өзі өндіріс өнімінің бір жаңа түрін мамандандыра алмайды. Өнеркәсіп саласымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы саласында ішкі шаруашылық қажеттілікті қанағаттандыратын көптеген өнімдер шаруашылықтың өзімен өндіріледі.

Мұндай өнімдерге тұқым, жем – шөп және ауылдың тұрғындарына азық – түлік өнімдері жатады. Сонымен байланысты шаруашылық мұқтаждықты қамтамасыз ету үшін және нарыққа бәсекелестік қабілеттілігі жоғары тауарды шығару үшін жерден алынатын жоғары нәтиже беру қажет.

Шаруа қожалықтарын типтерге бөлу кезінде біздің ойымызша, ең алдымен қазіргі шаруа қожалықтары – бұл тауарлық өнімді өндіретін шаруашылықтар екенін есепке алуымыз қажет.

АҚШ м – та 1974 ж фермерлік шаруашылыққа мың доллардан кем емес тауар шығаратын шаруашылықтарды жатқызған. Жеке қосалқы шаруашылық шаруа қожалығы болып саналмауы тиіс.

Бірақ, осы қожалықты дамытуға болады. Бұл шаруа қожалығы болып аталудың бірден бір себебі болып табылады. Шаруа қожалығын типтерге бөлу кезінде типке бөлудің ұйымдық – құқықтық және өндірістік экономикалық сипаттарын ескру керек. Олар шаруа қожалығының көлеміне байланысты қалыптасуы керек.

Шаруа қожалығының көлеміне көптеген факторлар әсер етеді: оның еңбек потенциалы, жердің сапасы, техникалық қамтамасыз етілуі және материалдық – техникалық базасының жағдайы шаруа қожалығының өндіріс көлемінің кеңейтуге қажетті қаражат пен жұмыс күші шаруа қожалығының өндірістік – экономикалық, ұйымдық – құқықтық белгілерінің нәтижелерінің құрамдас бөліктері болып табылады.

Шаруа қожалығының қазіргі кездегі даму жағдайы келесі типтерді бөліп көрсетеді: Жеке шаруашылық, бірлескен шаруашылық, шаруашылық кооперациясы.

Жеке шаруа қожалығы – бұл шаруашылығы өнімдерін өндіретін және өткізу мен айналысатын отбасылық кәсіпорындар. Кәсіпкерлік қызметтің бұл түрі экономикалық тиімділік қағидасына бағытталады.

Шаруа қожалықтары қарыздық құқығына ие тәуелсіз шаруашылық субъектісі, егер шаруашылықтың басшысы заңды тұлға ретінде бекітілмесе, онда ол берілген құқықтарға ие болмайды.

Шаруашылықтың ішінде жеке шаруа қожалығы қазіргі кезде шаруа жүргізудің ұйымдық – құқықтық нысаны болады.

Бірлескен шаруашылық – бұл 2 және 3 жеке шаруа қожалықтарының еңбек ресурстарын бірлесе пайдалану арқылы табыс алу мақсатында дайын өнімді өндіруге қажетті негізгі және айнымалы қаражаттары бар шаруашылықтың бірігуі.

Бірлесу көп жағдайда туыскандық негізде және нақты жергілікті аймақтың ерекшеліктері негізінде жүзеге асырылады. Бірлескен шаруа қожалығына жеке шаруа қожалығының барлық қасиеттері тән.

Шаруа қожалығының кооперациясы – бұл бірнеше жеке шаруа қожалығының, яғни ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, өткізу барысында белгілі бір мөлшерде пайда алу мақсатында біріккен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын айтады.

Бұл шаруашылық нысаны акционерлік қоғам деп аталады. Шаруа қожалығының кооперациясы – бұл экономикалық аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізудің нысаны. Шаруа қожалығындағы өнімдерді өндіру үрдісі қызметтің кез-келген түрі сияқты негізгі айналым капиталы мен адамдардың еңбек қызметін біріктіру болып табылады [3].

Осыған байланысты шаруа қожалығын құру үшін тек қана жер учаскесінде жұмыс істеу

ынтасына ғана емес, өнім өндіруге қажетті белгілі бір материалдық базаның болуына байланысты.

Шаруа қожалығының мүлкінің, материалдық техникалық қалыптасуы әртүрлі факторларға байланысты. Бүгінгі таңда тәжірибе жүзінде шаруа қожалығының өндірісінің қалыптасуының 3 негізгі түрі қолданылады.

Ірі ұжымдарды жалға алу, ауыл - аймақты жеке мүліктік пайда алуы арқылы қосалқы шаруашылықты кеңейту арқылы; шаруаның қарыздық және жеке қаражатының негізінде жаңа орындар материалдық – техникалық базаны құру.

Қолданылған әдебиеттер:

1. О формах бухгалтерской отчетности. Приказ Министерства финансов РК от 28.02.2007 №4
2. Международные и казахстанские стандарты бухгалтерского учета: Сравнительный анализ, принципы трансформации, направления реформирования/под ред. С.А. Николаевой. - М.: Аналитика-Пресс, 2009.
3. Шнейдман Л.З. Готовим бухгалтерскую отчетность. - М.: Бухгалтерский учет, 2008 г.

ӘӨЖ 687

Орынбасар Каирович Джанахметов¹, Айгуль Калдыбековна Кудабая²

1) КазАТУ им. С.Сейфуллина

2) М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СТИЛІНДЕГІ ҮЛГІЛЕР ЖИНАҒЫН ЖАСАУ

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қол өнерінің басты бір саласы — киім тігу. Ұлттық киім - көне

мұралардың құндылығын ұлттық сипатта дәріптейтін дәстүрлі қазақ мәдениетінің көрсеткіші. Қазіргі заманауи кезінде ұлттық киім үлгілерінің дизайнын жаңа үлгіде -